



«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

2021 жылғы 31 наурыз

Мазмұны

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы жеке есеп	1
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп	3
Ақшалай қаражат қозғалысы туралы жеке есеп	4

ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТУЛЕР

1	«Самұрық-Энерго» Компаниясы және оның қызметі туралы мәлімет	5
2	Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері	5
3	Есептік саясаттағы өзгерістер	6
4	Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби пайымдаулар	7
5	Байланысты тараптармен есеп жүргізу және операциялар	8
6	Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар	9
7	Берілген қарыздар	10
8	Басқа ұзақ мерзімді активтер	11
9	Басқа қысқа мерзімді активтер	11
10	Ақша қаражаттары және оның эквиваленттері	11
11	Акционерлік капитал	12
12	Қарыздар	12
13	Дивидендтер бойынша кірістер	14
14	Жалпы және әкімшілік шығыстар	14
15	Қаржылық табыстар	14
16	Қаржылық шығыстар	15
17	Табыс салығы	15
18	Шарттық және келісімшарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер	15
19	Қаржы құралдарының әділ құны	16
20	Есептік күннен кейінгі оқиғалар	17
21	Акциядан түскен пайда және бір акцияның баланстық құны	17

«САМУҒЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескерту	31 наурыз 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
АКТИВТЕР			
Ұзақмерзімді активтер			
Негізгі құралдар		308,456	311,258
Материалдық емес активтер		604,110	636,073
Пайдалану құқығы нысанындағы актив		1,323,720	1,397,421
Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	6	546,158,701	548,148,318
Берілген заемдар	7	39,127,632	39,172,956
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	8	1,003,771	2,236,269
Барлық ұзақ мерзімді активтер		588,526,390	591,902,295
Қысқа мерзімді активтер			
Тауар-материалдық қорлар		68,735	46,544
Берілген заемдар	7	9,663,805	18,993,146
Өзге де қысқа мерзімді активтер	9	10,789,428	8,756,460
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	10	868,385	1,595,249
Барлық қысқа мерзімді активтер		21,390,354	29,391,399
БАРЛЫҚ АКТИВТЕР		609,916,744	621,293,694
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	11	376,045,927	376,045,927
Өзге де капитал резерві		89,328,998	89,328,998
Жабылмаған шығын		(48,043,242)	(45,082,442)
БАРЛЫҚ КАПИТАЛ		417,331,683	420,292,483
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Заемдар	12	145,246,595	150,421,544
Жалдау бойынша міндеттемелер		1,003,520	1,056,677
Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдік	20	1,262,787	1,304,607
Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер		147,512,902	152,782,828
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Заемдар	12	43,325,590	45,993,024
Жалдау бойынша міндеттемелер		451,743	417,342
Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер		1,243,126	1,718,188
Төлеуге жататын өзге салықтар		51,702	89,829
Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер		45,072,160	48,218,383
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		192,585,061	201,001,211
БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ		609,916,744	621,293,694
Бір жай акцияның баланстық құны	23	74,392	74,914

Басшылық атынан 2021 жылғы 30 сәуірде қол қойылған.

Рысқұлов Айдар Қайратұлы
Экономика және қаржы жөніндегі
басқарушы директор



Төлекова Сәуле Бекзадақызы
«Қаржы және Салық есебі»
департаментінің директоры –
Бас бухгалтер

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы жеке есеп

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ескертпе	2021ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2020ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай.
Дивиденттер бойынша кірістер	13	1,918,909	30,627,711
Өзге операциялық кірістер мен шығыстар (нетто)	14	1,366,140	(1,648)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	15	(1,323,006)	(1,303,526)
Қаржылық активтердің (құнсыздануынан) қалпына келуінен түскен (шығыстар)/ табыстар (нетто)		(1,296,142)	(15,244)
Операциялық түсім		665,901	29,307,293
Қаржылық табыстар	16	2,486,774	1,953,455
Қаржылық шығыстар	17	(5,847,047)	(5,979,869)
Салық салынғанға дейінгі пайда		(2,694,372)	25,280,879
Табыс салығы бойынша шығыстар	18	(266,428)	(12,161)
Жыл ішіндегі пайда		(2,960,800)	25,268,718
Жыл ішіндегі барлық жиынтық пайда		(2,960,800)	25,268,718
Акцияға қатысты жыл ішіндегі пайда (қазақстандық теңгемен)	23	(529)	4,511

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Капиталдағы өзгерістер туралы жеке есеп

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ескертпе	Акционерлік капитал	Өзге резервтегі капитал	Өтелмеген залал	Барлық капитал
2020 жылғы 1 қаңтардағы қалдық		373,314,888	91,643,030	(54,741,536)	410,216,382
Жыл ішіндегі пайда		-	-	25,268,718	25,268,718
Жыл ішіндегі барлық жиынтық (залал)/табыс		-	-	25,268,718	25,268,718
2020 жылғы 31 наурыздағы қалдық		373,314,888	91,643,030	(29,472,818)	435,485,100
2021 жылғы 1 қаңтардағы қалдық		376,045,927	89,328,998	(45,082,442)	420,292,483
Жыл ішіндегі пайда			-	(2,960,800)	(2,960,800)
Жыл ішіндегі барлық жиынтық (залал)/табыс		-	-	(2,960,800)	(2,960,800)
2021 жылғы 31 наурыздағы қалдық		376,045,927	89,328,998	(48,043,242)	417,331,683

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ
Ақша қаражатының қозғалысы туралы жеке есеп

Қазақстан теңгесімен, мың	Ескертпе	2021ж. 31 наурызда аяқталған 3 айға	2020ж. 31 наурызда аяқталған 3 айға
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Ақшалай қаражаттың түсуі, барлығы		2,092,497	242,200
Алынған сыйақы		179,945	203,687
Өзге түсімдер		1,912,552	38,513
Ақша қаражатының шығуы, барлығы		(4,829,006)	(4,342,655)
Өнім берушілерге тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер		(403,590)	(711,980)
Берілген аванстар		(20,013)	(52,419)
Еңбекақы бойынша төлемдер		(592,203)	(606,918)
Алынған заемдар бойынша сыйақыларды төлеу		(2,888,977)	(2,625,522)
Корпоративтік табыс салығы		(26,966)	(64,776)
Бюджетке төленетін басқа да төлемдер		(79,135)	(58,661)
Басқа төлемдер		(818,122)	(222,379)
Операциялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		(2,736,510)	(4,100,455)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Ақша қаражатының түсуі, барлығы		10,696,811	8,181,541
Банк салымдарын қайтару		5,000	-
Берілген қарыздарды өтеу		10,605,746	8,048,393
«Тауба Invest» ЖШС-ның қаржылық дебиторлық берешегін өтеу		-	108,558
Эмитенттердің қарыздық құралдарын өтеу		86,064	24,590
Ақша қаражатының шығуы, барлығы		(404,505)	(909,072)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(10,242)	(178,580)
Банктік салымдарды орналастыру		(5,500)	-
Еншілес компаниялар мен қауымдасқан компанияларға берілген қарыздар мен қаржылық көмек		-	(656,000)
Еншілес компаниялардың жарғылық капиталына салым		(388,762)	(74,492)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты		10,292,306	7,272,469
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы:			
Ақша қаражатының түсуі, барлығы		61,460,000	16,300,000
Банктік қарыздар алу		27,000,000	16,300,000
Еншілес ұйымдардан қарыздар алу		34,460,000	-
Ақша қаражатының шығуы, барлығы		(69,724,929)	(20,474,857)
Самұрық-Қазына қарыздарын өтеу		(2,586,856)	(2,381,109)
Банктердің және басқа да ұйымдардың қарыздарын өтеу		(67,119,317)	(17,981,118)
Қаржылық жалдау бойынша негізгі қарзды төлеу		(18,756)	(82,073)
Өзге төлемдер		-	(30,557)
Қаржылық қызметтен пайдаланылған таза ақша қаражаты		(8,264,929)	(4,174,857)
Валюталардың айырбас бағамының өзгеруінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		(17,886)	271
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының құнсыздануына арналған резервтегі өзгеріс		154	3,468
Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза (азайуы)/ұлғаюы		(726,865)	(999,104)
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		10	1,298,005
Кезең соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		10	298,901

1 «Самұрық-Энерго» Компаниясы және оның қызметі туралы мәлімет

Осы қаржылық есептілік «Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Компания) үшін 2021 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айға Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС-ке) сәйкес әзірленді.

Компания 2007 жылы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес акционерлік қоғам нысанында құрылған.

Компанияның Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылады, оған Компания акцияларының 100%-ы тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі - Компанияны бақылаушы түпкі тарап.

Негізгі қызмет

Компания қызметінің негізгі түрлері көмір, көмірсутек, су ресурстары мен жаңартылатын энергия көздері негізінде электр және жылу энергиясын, ыстық суды өндіруді, оларды халыққа, өнеркәсіптік кәсіпорындарға сатуды, электр энергиясын тасымалдауды, желідегі электрді техникалық бөлуді, су және жылу электр станцияларын салуды, жаңартылатын электр энергиясы көздерін салу мен пайдалануды, сондай-ақ су электр станцияларының мүлкітік кешендерін жалға алуды жүзеге асыратын бірқатар компанияларды (6 ескертпе) біріктіретін холдингтік компания (бұдан әрі – «Компания») болып табылады.

Компания қызметін жүзеге асыратын мекенжайы мен орны

Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

Есептілікті ұсыну валютасы

Егер өзге көрсетілмесе, аталған қаржылық есептіліктің көрсеткіштері қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілді.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есеп саясатының негізгі ережелері

Қаржылық есептілікті әзірлеу негіздері

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік әділ құн бойынша қаржылық құралдарды алғашқы тануға түзету енгізе отырып, бастапқы құн бойынша бағалау қағидасы негізінде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды. Одан әрі жеке қаржылық есептілікті әзірлеу кезінде пайдаланылған есептік саясаттың негізгі ережелері келтіріледі. Есептік саясаттың аталған ережелері есепте ұсынылған барлық кезеңдерге қатысты жүйелі түрде қолданылды.

Компания аталған жеке қаржылық есептілікті басшылық үшін әзірледі.

Сонымен қатар, Компания тұтастай Компанияға және оның еншілес ұйымдарына (бұдан әрі - «Топ») қатысты шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес әзірледі. Шоғырландырылған қаржылық есептілікте Топқа тікелей немесе жанама түрде дауыс беру құқығының жартысынан көбіне иелік ететін немесе Қоғам өз қаржылық және операциялық саясатын басқаша басқара алатын компаниялар ретінде анықталған еншілес ұйымдардың қызметі толығымен шоғырландырылған. Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А мекенжайында орналасқан Компанияның кеңсесінен алынуы мүмкін.

Қаржылық ереже, операциялық қызмет нәтижелері және жалпы Компанияның қаржылық есептіліктегі өзгерістер туралы толық ақпаратты алу мақсатында, пайдаланушылардың осы жеке қаржылық есептілікпен танысуы 2020 жылғы 31 желтоқсандағы аяқталған жылғы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікпен бірге жүргізілуі тиіс.

ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті әзірлеу бағалар мен ұсыныстарды пайдалануды талап етеді. Бұдан бөлек, басшылыққа Компанияның есептік саясатын қолданған кезде өзінің пайымдауларына сүйенуі тиіс. Бағалаудың немесе күрделіліктің ең жоғары деңгейін болжайтын бухгалтерлік есептілік салалары, сондай-ақ жорамаладар мен бағалар шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін маңызды болып табылатын салалары Ескертпеде көрсетілген. Нақты нәтижелер бұл бағалардан ерекше болуы мүмкін.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері (жалғасы)

Айырбас бағамдары

2021 жылғы 31 наурызда шетел валютасында көрсетілген қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылған ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 424,89 теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 420,91 теңге 1 АҚШ доллары). Теңгені басқа валюталарға айырбастауға қатысты валюталық шектеу және бақылау қағидалары қолданылады. Қазіргі уақытта теңге Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде еркін айырбасталатын валюта болып табылмайды.

3 Есептік саясаттағы өзгерістер

Төменде келтірілген қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулер Компания үшін 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті болды, бірақ Компанияға айтарлықтай әсер еткен жоқ:

- ХҚЕС (IFRS) 10 және ХҚЕС (IAS) 28 түзетулері – "Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе жарна салу" (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылған және ХҚЕС жөніндегі Кеңес айқындайтын күннен бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IFRS) 17 "Сақтандыру шарттары" (2017 жылғы 18 мамырда шығарылды және 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерді жіктеу - ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері (2020 жылғы 23 қаңтарда шығарылды және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жіктеу – күшіне ену күнін ауыстыру - ХҚЕС (IAS) 1 түзетулері (2020 жылғы 15 шілдеде шығарылған және 2023 жылғы 1 қаңтардан басталатын немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді).
- "Активті болжамды пайдалану басталғанға дейін алынған түсім, Ауыртпалықты шарттар – шартты орындау құны", "Тұжырымдамалық негіздерге сілтеме" – ХҚЕС (IAS) 16, ХҚЕС (IAS) 37 және ХҚЕС (IFRS) 3-ке шектеулі қолданылу саласы бар түзетулер және 1 ХҚЕС (IFRS), 9 ХҚЕС (IFRS), 16 ХҚЕС (IFRS) және 41 (IAS) ХҚЕС (IAS) қатысты 2018-2020 жылдардағы ХҚЕС (IFRS) 2020 жылғы 14 мамырда шығарылды және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ҚЕХС (IFRS) 17 түзетулері және ҚЕХС (IFRS) 4 түзетулері (2020 жылғы 25 маусымда шығарылды және 2023 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы (IBOR) - ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39 түзетулері, ҚЕХС (IFRS) 7, ҚЕХС (IFRS) 4 және ҚЕХС (IFRS) 16 – 2 кезең (2020 жылғы 27 тамызда шығарылды және 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді).

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, осы жаңа стандарттар мен түсіндірулер компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

4 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби пайымдаулар

Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания қолданылатын есепке алу саясаттарына және есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалауларды пайдаланады және жорамалдарды жасайды. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Қолданылған негізгі есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

Үздіксіз қызмет қағидаты

Басшылық осы қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжам негізінде дайындады. Басшылықтың осы пайымдауы компанияның қаржылық жағдайын, оның ағымдағы ниеттерін, операциялардың табыстылығын, қаржы ресурстарына қол жеткізу мен Үкіметті қолдауға, сондай-ақ Топтың болашақ операцияларына макроэкономикалық жағдайлардың таяудағы өзгерістерінің әсерін талдауға негізделеді. 2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша компанияның жиынтық ағымдағы міндеттемелері жалпы айналым активтерінен 23,681,806 мың теңгеге асып түсті. Ағымдағы міндеттемелердің негізгі бөлігі Топ ішінде өтімділікті бөлу бойынша кэш пулинг жүйесі шеңберінде еншілес компаниялардан алынған қарыздардан тұрады. 2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша еншілес ұйымдардан алынған қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі 31,868,192 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 38,411,690 мың теңге)

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікке активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың баланстық құнын қандай да бір түзету, сондай-ақ операциялық қызметті жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда қажет болатын қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есепті жіктеу кірмейді, мұндай түзетулер елеулі болуы мүмкін.

Балқаш ЖЭС-і

2019 жылғы 29 қазанда Компания Samsung C&T-ден БЖЭС-тің 50%+1 акциясын сатып алды және БТЭС-тің 100% үлесінің иесі болды. Сатып алу кезінде БЖЭС банкроттық шегінде болды, сондай-ақ іс жүзінде маңызды қызметті жүзеге асырмады. 2017 жылдан бастап кредиторлар мен жеткізушілер БЖЭС-тің төлем қабілетсіздігіне байланысты бірнеше рет сотқа берді, бұл өз кезегінде мүлікке тыйым салуға алып келді, сондай-ақ БЖЭС қызметін айтарлықтай шектеді. 2019 жылғы 6 желтоқсанда соттың шешімі бойынша банкроттық процесті бақылау мен жүргізу үшін уақытша басқарушы тағайындалды.

Карантиндік шаралар мен ұлттық экономиканы қолдау үшін Мемлекет тарапынан қабылданған шаралардың енгізілуіне байланысты "Банкроттық рәсімін қозғауды тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 шілдедегі № 443 қаулысымен заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді банкрот деп тану туралы өтініштерді мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері атынан кредиторлардың сотқа беруін 2020 жылғы 1 қазанға дейін тоқтата тұру қаулы етілді, осыған байланысты БТЭС-тің банкроттық рәсімі уақытша тоқтатылды. 2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша кредиторлардың кассациялық шағымдануға құқықтарының болуына байланысты БТЭС-ті тану бойынша сот талқылауларына өлі толық көлемде рұқсат етілген жоқ, осылайша, басшылықтың пікірінше, Компанияның бақылауы жоқ және БТЭС-ке инвестициялар толығымен құнсызданған.

5 Байланысты тараптармен есеп жүргізу және операциялар

Байланысты тараптарды анықтау ХБЕС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» бөлімінде келтіріледі. Байланысты тараптар деп әдетте, егер олардың біреуінде екіншісін бақылай алатын мүмкіндік болса, жалпы бақылауда болатын немесе айтарлықтай әсер ете алатын не екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдеріне бірге бақылау жасайтын тараптар есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма, жоқ па, деген сұрақтарды шешуде тараптардың заңды нысаны ғана емес, олардың өзара қарым-қатынас сипаттары да ескеріледі. Аналық компания мен Компанияның түпкі бақылаушы тарабы 1-ескертпеде егжей-тегжейлі ашылған.

Байланысты Тараптар Самұрық-Қазына бақылауындағы компанияларды қамтиды. Мемлекет компанияны бақылауды жүзеге асырады. Компания мемлекетпен және оған байланысты тараптармен есеп айырысу бойынша жеке-дара елеусіз мәмілелер мен қалдықтар туралы ақпаратты ашудан босатуды қолдану туралы шешім қабылдады, өйткені Қазақстан мемлекеті бақылауды, бірлескен бақылауды жүзеге асырады немесе осындай тараптарға елеулі ықпал етеді.

Компания тауарларды сатып алады және мемлекет қатысатын көптеген ұйымдарға жеткізеді.

Мұндай сатып алулар мен бөлек-бөлек жеткізу болмашы соманы құрайды және әдетте коммерциялық негізде жүзеге асырылады.

Төменде 2021 жылдың 30 наурызындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген қарыздар	-	-	45,979,675
Дебиторлық берешек	-	-	330,087
Ұсынылған қарыздар бойынша алу үшін сыйақылар	-	-	1,285,311
Алынатын дивиденділер	-	-	1,918,909
Кредиторлық берешек	-	12,901	606,125
Қарыздар мен облигациялар	66,857,093	-	31,868,192

Төменде 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Еншілес компанияларға берілген қарыздар	-	-	56,246,478
Дебиторлық берешек	-	-	1,542,542
Ұсынылған қарыздар бойынша алу үшін сыйақылар	-	-	405,887
Алынатын дивиденділер	-	-	449
Кредиторлық берешек	-	7,372	297,753
Қарыздар мен облигациялар	67,887,857	-	38,411,690

Төменде 2021 жылдың 31 наурызында аяқталған үш ай үшін байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша табыстар мен шығыстардың баптары көрсетілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	1,918,909
Қаржылық табыстар	-	-	2,221,978
Қаржылық шығыстар	1,778,847	-	1,129,182
Қаржылық құралдарды қалпына келтіру/(құнсыздану) (нетто)	-	-	6,512
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	19,621	185,973
Бағам айырмашылығы бойынша шығыстар-нетто	-	-	3

5 Байланысты тараптармен жүргізілген есеп айырысулар мен операциялар (жалғасы)

Төменде 2020 жылғы 31 наурызда аяқталған үш айдағы байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

Қазақстан теңгесімен, мың	Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Еншілес және бірлескен кәсіпорындар
Дивидендтер бойынша табыстар	-	-	30,627,711
Қаржылық табыстар	-	-	1 669 143
Қаржылық шығыстар	1 677, 919	-	1 200 956
Құнсыздандуды қалпына келтіру / құусыздану бойынша (шығыстар) (нетто)	-	-	7,134
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-	17 565	200 180
Бағам айырмасы бойынша табыстар (нетто)	-	-	69

Компания сондай-ақ 20-ескертпеде көрсетілгендей, еншілес кәсіпорындарға да кепілдіктер берді.

Жұмыскерлерге берілетін еңбекақыны, сыйлықақыны және басқа қысқа мерзімді сыйақыларды қамтитын, 2021 жылдың 31 наурызында аяқталған үш ай үшін негізгі басқарушы қызметкерінің сыйақысы 45,079 мың теңгені құрайды (2020 жылдың 31 наурызында аяқталған 3 ай үшін: 29,838 мың теңге). 2021 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша негізгі басқарушы қызметкер 5 адамнан тұрады (2020 жылдың 31 желтоқсаны: 5 адам).

6 Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар

Төменде 2021 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша инвестиция құны туралы ақпарат көрсетілген:

Сатып алынған күні	Тіркелген елі	31 наурыз 2021 ж.		31 желтоқсан 2020 ж.		
		Инвестициялар құны (мың теңге)	Иелік ету үлесі	Инвестициялар құны (мың теңге)	Иелік ету үлесі	
Еншілес ұйымдар						
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС						
31.10.2012	Қазақстан	331,003,748	100%	333,382,126	100%	
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ						
29.07.2009	Қазақстан	62,914,945	100%	62,914,945	100%	
«Алматы электр станциялары» АҚ						
26.07.2011	Қазақстан	34,061,653	100%	34,061,653	100%	
«Мойнақ СЭС» АҚ						
04.01.2008	Қазақстан	21,864,616	100%	21,864,616	100%	
"Тегіс Мұнай" ЖШС						
29.12.2012	Қазақстан	17,427,504	100%	17,373,473	100%	
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС						
28.05.2016	Қазақстан	14,914,271	100%	14,914,271	100%	
«Шардара СЭС» АҚ						
03.06.2011	Қазақстан	2,524,772	100%	2,524,772	100%	
«Егеументал Wind Power» ЖШС						
28.05.2016	Қазақстан	6,985,038	100%	6,658,306	100%	
«Бұқтырма СЭС» АҚ						
04.01.2008	Қазақстан	1,050,790	90%	1,050,790	90%	
«Қазгидротехэнерго» ЖШС						
31.03.2014	Қазақстан	307,564	100%	299,565	100%	
«Алматыэнергообит» ЖШС						
26.07.2011	Қазақстан	136,003	100%	136,003	100%	
«Energy Solutions Center» ЖШС						
16.03.2019	Қазақстан	52,998	100%	52,998	100%	
Бірлескен кәсіпорындар және қауымдастырылған компаниялар						
Forum Muider B.V.						
23.12.2008	Нидерланды	41,759,543	50%	41,759,543	50%	
«Екібастұз МАЭС -2 станциясы» АҚ						
04.01.2008	Қазақстан	8,725,133	50%	8,725,133	50%	
«Энергия Семиречья» ЖШС						
28.05.2016	Қазақстан	2,411,010	25%	2,411,010	25%	
Құнсызданған инвестициялар						
«Балқаш ЖЭС» АҚ (4-ескертпе)						
24.06.2008	Қазақстан	32,085,280	100%	32,085,280	100%	
«Samruk-Green Energy» ЖШС						
13.06.2012	Қазақстан	5,684,653	100%	5,684,653	100%	
«Шүлбі СЭС» АҚ						
04.01.2008	Қазақстан	1,230,658	92.14%	1,230,658	92.14%	
«Өскемен СЭС» АҚ						
04.01.2008	Қазақстан	465,019	89.99%	465,019	89.99%	
Шегергенде:						
Инвестицияның құнсыздануы		(39,446,496)		(39,446,496)		
Барлық инвестициялар		546,158,701		548,148,318		

7 Берілген қарыздар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 наурыз 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
<i>Ұзақмерзімді бөлім</i>		
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз	5,198,955	5,231,035
«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары	33,000,000	33,000,000
«МЭБК» АҚ облигациялары	698,947	686,610
«ДСФК (ДСФК) арнаулы қаржылық компаниясы» ЖШС облигациялары	451,158	418,604
«Цеснабанк» АҚ облигациялары	25,733	24,909
<i>Шегергенде: құнсыздану резерві</i>	(247,161)	(188,202)
Берілген қарыздардың жиынтығы – ұзақ мерзімді бөлім	39,127,632	39,172,956
<i>Қысқа мерзімді бөлім</i>		
«Шардара СЭС» АҚ-ға берілген қарыз	950,000	950,000
«Алматы электр станциясы» АҚ-ға берілген қарыз	-	3,400,000
«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары	7,000,000	7,000,000
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ға берілген қарыз	-	7,000,000
Облигации АО «МРЕК»	384,600	384,600
«Балқаш ЖЭС» АҚ-ға берілген қарыз	377,301	377,301
Берілген қарыздар бойынша есептелген сыйақылар	189,704	246,998
Облигациялар бойынша сыйақылар	1,304,100	182,055
«Өскемен СЭС» АҚ-ға берілген қаржылық көмек	30,390	30,390
«Т.И. Батуров атындағы Жамбыл ГРЭС» АҚ-ға берілген қарыз	5,442	5,442
<i>Шегергенде: құнсыздану резерві</i>	(577,733)	(583,640)
Берілген заемдардың жиынтығы – қысқа мерзімді бөлім	9,663,805	18,993,146

«Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары

2019 жылғы 18 маусымда Компания АІХ алаңында «Мойнақ СЭС» АҚ-ның 47,000,000 мың теңге сомасында шығарылған, айналыс мерзімі 7 жыл, купондық мөлшерлемесі жылдық 11% облигацияларын сатып алды.

«Цеснабанк» АҚ облигациялары

2018 жылғы қарашада Компанияның «Цеснабанк» АҚ-тағы ақша қаражаты Үкімет Қаулысына сәйкес 153,236 мың теңге сомасындағы облигацияға айырбасталды. Облигациялардың баланстық құны 14% мөлшерлемені қолдана отырып дисконтталған ақша қаражатының болашақ ағындарының келтірілген құнын білдіреді. 2019 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі облигацияларды шығару проспектісіне өзгерістер тіркеді, оған сәйкес сыйақы мөлшерлемесі жылдық 4%-дан 0.1%ға дейін өзгертілді.

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз

2011 жылғы 31 қаңтарда Компания «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға қосалқы станциялар мен басқа объектілерді салу және қайта құру үшін 7,000,000 мың теңге мөлшерінде қарыз берді. Қарызды өтеу мерзімі – 2024 жылғы 21 қаңтар, тоқсан сайын төленетін пайыздық мөлшерлемесі - жылдық 2%.

2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша берешек сомасы 5,198,955 мың теңгені құрады (2020ж. 31 желтоқсанда: 5,281,507 мың теңге). Заемның теңгерімді құны 12.5% мөлшерлемесін қолдана отырып дисконтталған ақша қаражатының келешек ағындарының келтірілген құнын білдіреді. Бастапқы тану күніне АЖК қарызының әділ құны мен табыс салығын есептемегендегі 3,675,691 мың теңге сомасындағы номиналдық құны арасындағы айырмашылықтың шамасы АЖК-ға қосалқы инвестициялар ретінде мойындалды.

8 Басқа ұзақ мерзімді активтер

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Еншілес ұйымдарды сатып алушыларының дебиторлық берешегі	739,697	727,652
«Бірінші Жел Электр Станциясы» ЖШС-ға берілген қаржылық кепілдіктер бойынша берешек	330,561	1,547,542
Қызметкерлердің өзге дебиторлық берешегі Құнсыздануға арналған резервті шегергенде:	64,484 (130,971)	71,814 (110,739)
Барлық басқа қаржылық ұзақ мерзімді активтер	1,003,771	2,236,269

2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша 739,697 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешек «СКА» ішкі рейтингі бар «Информ-Систем» ЖШС-ның қаржылық берешегін білдіреді. 2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша дебиторлық берешек құнсызданбаған, мерзімі өткен жоқ және теңгемен толық көрсетілді.

9 Басқа қысқа мерзімді активтер

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Еншілес ұйымдарды сатып алушыларының дебиторлық берешегі	9,156,684	9,022,234
«Тауба Invest» ЖШС-ның дебиторлық берешегі	760,025	760,025
Қысқа мерзімі депозиттер	5,804	5,304
Алынатын дивидендтер	1,919,361	449
Құнсыздануға арналған резервті шегергенде:	(1,313,206)	(1,360,055)
Барлық басқа қаржылық қысқа мерзімді активтер	10,528,667	8,427,957
Төленген аванстар	22,292	20,074
Басқалар	238,468	308,429
Барлық басқа қысқа мерзімді активтер	10,789,428	8,756,460

Дебиторлық берешек

Өзге дебиторлық берешек негізінен 2017 жыл ішінде сатылған «ШҚ АЭК» АҚ акциялары үшін 9.099.897 мың теңге сомасындағы «Шығыс Қазақстан энергетикалық компаниясы» ЖШС (бұдан әрі - ШҚЭК) берешегінің қысқа мерзімді бөлігін, сондай-ақ «Тауба Invest» ЖШС-ның 760,025 мың теңге сомасындағы дебиторлық берешегін қамтиды.

10 Ақша қаражаттары және оның эквиваленттері

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Банк шоттарындағы ақша қаражаттары – теңге	47,420	526,439
Банк шоттарындағы ақша қаражаттары – АҚШ доллары	12	12
Кассадағы ақша қаражаттары	2,745	2,737
Банк шоттарындағы ақша қаражаттары – еуро	498,298	516,304
3 айға дейінгі жедел депозиттердегі ақша қаражаттары – теңге	320,000	550,000
Құнсызданған резервті шегергенде	(89)	(243)
Барлық ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	868,385	1,595,249

11 Акционерлік капитал

2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша, шығарылған 5,601,812 жай акциялар 376,045,927 мың теңге сомасында толық төленді (2020 ж. 31 желтоқсан: 5,601,812 акция). Өрбір жай акция бір дауысқа ие. Компанияның артықшылықты акциялары жоқ. Жарияланған акцияларының саны - 8 602 187. 2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Компанияның 100% акционері болып табылады (2020 ж.: 100%).

2021 жылғы 31 наурызда 2020 жылдың нәтижелері бойынша дивидендтер жарияланған және төленген жоқ.

12 Қарыздар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 наурыз 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Ұзақ мерзімді бөлігі		
Ұзақ мерзімді банк қарыздары	56,291,097	60,308,279
Самұрық-Қазына қарызы	64,131,293	65,293,870
Облигациялар	24,824,205	24,819,395
Қарыздардың барлық ұзақ мерзімді бөлігі	145,246,595	150,421,544
Қысқа мерзімді бөлігі		
Еншілес ұйымдарың қарызы	31,730,414	38,411,690
Қысқа мерзімді банк қарыздары	6,542,235	3,042,235
Самұрық-Қазына қарызы	2,381,109	2,381,109
Есептелген пайыздар – облигациялар	867,256.30	360,287
Есептелген пайыздар – банк қарыздары	1,322,106	1,584,825
Есептелген пайыздар – Самұрық-Қазына мен ЕТҰ қарыздары	482,469	212,878
Қарыздардың барлық қысқа мерзімді бөлігі	43,325,590	45,993,024
Барлық қарыздар	188,572,185	196,414,568

Төменде аталған қарыздардың баланстық және әділ құны келтірілді:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 наурыз 2021 ж.		31 желтоқсан 2020 ж.	
	Баланстық құны	Әділ құны	Баланстық құны	Әділ құны
Самұрық-Қазына мен ЕТҰ қарыздары	106,299,547	91,203,294	106,299,547	106,249,976
Облигациялар	25,179,682	22,161,106	25,179,682	25,546,862
Банк қарыздары	64,935,339	61,323,214	64,935,339	64,935,339
Барлық қарыздар	196,414,568	174,687,615	196,414,568	196,732,177

Самұрық-Қазына

2010 жылғы 17 наурызда Fogum Muider-ден 50% үлесті сатып алу нәтижесінде қарызды қайта қаржыландыру мақсатында Компания Самұрық-Қазынамен 48,200,000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Қарыз жылына 1.2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, өтеу мерзімі 2029 жылғы 15 қыркүйекке дейін берілді. Негізгі сома жыл сайынғы тең төлеммен өтелуі тиіс, ал пайыздар қарыз алынғаннан кейін келесі есептік жылдан бастап жарты жылдық төлемдермен төленеді.

2011 жылғы 14 қаңтарда «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қосалқы станциясының құрылысын қаржыландыру мақсатында Компания Самұрық-Қазынамен 7,000,000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Қарыз жылына 2% көлеміндегі пайыздық мөлшерлеменен, өтеу мерзімі 2024 жылғы 25 қаңтарға дейін берілді. Негізгі сома мерзім соңында, ал пайыздар жарты жылдық жарналармен төленуі тиіс.

2014 жылғы 16 қаңтарда ЕГРЭС-1-дің қалған үлесін сатып алу мақсатында Компания Самұрық-Қазынамен 200,000,000 мың теңге сомасында кредиттік келісімге қол қойды. Негізгі сома 2028 жылдың 1 желтоқсанына дейін төленуі тиіс, ал пайыздар 7.8% мөлшерлемесімен жарты жылдық жарналармен төленеді.

12 Қарыздар (жалғасы)

2014 жылғы 3 қазанда № 369 Кредиттік келісімге №1 қосымшаға сәйкес кредиттік келісім айтарлықтай өзгертілді:

- 100,000,000 мың теңге көлеміндегі негізгі қарыз сомасы Компания акцияларына айырбасталды;
- Негізгі қарыздың қалған сомасы бойынша пайыздық мөлшерлеме жылына 9% дейін ұлғайтылды.

2015 жылғы 25 желтоқсанда аталған кредиттік келісім №369-И кредиттік шарттың №2 қосымшасына сәйкес айтарлықтай өзгертілді, негізгі қарыздың сомасы бойынша пайыздық мөлшерлемесі жылдық 1%-ға дейін төмендетілді. Басшылық пайыздық мөлшерлеменің нарықтық емес мөлшерлемеден 1% дейін төмендеуін, ал субординацияланғанға дейінгі қарыз басымдығындағы өзгерістерді қарыз шарттарын айтарлықтай өзгерістерге алып келетінін бағалады. Басшылық несие шарттарына мұндай өзгерістер бастапқы қарызды өтеу ретінде есептелуі тиіс және жаңа қарызды әділ құны бойынша тану тиіс деп есептейді. Қарыз алған күндегі нарықтық мөлшерлеме жылдық 12.8% құрады. Компания 72,581,903 мың теңге сомасында қарызды басқа капитал құрамында бастапқы танудан түскен кіріс деп мойындады, себебі басшылық нарықтан төмен мөлшерлемеден қарыз ұсыну кезінде Самұрық-Қазына Компания акционері ретінде әрекет етті деп есептейді. Алынған қарызды бастапқы танудан түскен пайда алынған қарыздың атаулы құны мен оның танылған күніндегі әділ құны арасындағы ақша ағымын дисконттау әдісін пайдаланумен және жылдық 12.8% тиімді мөлшерлемеден есептелген айырмашылық ретінде көрсетілді.

Еуропа қайта құру және даму банкі

2016 жылғы желтоқсанында Компания еурооблигацияларды қайта қаржыландыру үшін 100 миллион еуро мөлшерінде жаңартылмайтын кредиттік желіні ашты. 2019 жылғы қыркүйекте Компания аталған кредиттік желі аясында 39,114,450 мың теңге жалпы сомасына екі транш алды. Пайыздық мөлшерлеме All-in-cost кредит берудің тәуелсіз индикативтік мөлшерлемесі негізінде белгіленеді және жылдық 3.5% және 4.5% маржамен беріледі. Тәуелсіз индикативтік мөлшерлеменің өзгеруі тоқсан сайынғы негізде тіркеледі. Негізгі қарызды жылына екі рет және мерзімнің соңында төлеуге болады. 2021 жылғы 25 қаңтарда Компания 4,059,317 мың теңге сомасында негізгі борыштың бір бөлігін өтеді. 2021 жылғы 31 наурызда бірінші транш бойынша негізгі борыштың номиналды қалдығы 14,194,093 мың теңгені құрайды.

Азия Даму Банкі

2018 жылғы 8 қарашада және 5 желтоқсанда Компания Азия Даму Банкінде негізгі қызмет түрлерінің операциялық тиімділігін арттыру және жаңартылатын энергия көздерімен байланысты мүмкіндіктерді сәйкестендіру мақсатында 120 миллион АҚШ доллары сомасына жаңартылмайтын кредиттік желі ашты. 2019 жылы Компания кредиттік желілер бойынша жалпы сомасы 45,860,800 мың теңгеге үш транш алды, А және В транштарының өтеу мерзімі 5 жылдан кейін, С траншының өтеу мерзімі - 7 жыл. Пайыздық мөлшерлеме Қазақстан Республикасының нақты инфляциялық көрсеткіштері, сонымен қатар банк маржасы негізінде белгіленеді. Негізгі қарызды кредит мерзімі аяқталғаннан кейін төлеу қажет: А және В траншы үшін 2024 жылы, С траншы үшін 2026 жылы.

Облигациялар

2017 жылғы тамызда және қыркүйекте Компания бес жыл мерзімге 1 облигация үшін номиналдық құны 1000 теңге болатын жалпы сомасы 20,000,000 мың теңге және 28,000,000 мың теңгеге облигациялар шығарып, жариялады. Купондық пайыздық мөлшерлеме тиісінше жылдық 13%-ды және 12.5%-ды құрады, сәйкесінше жылына екі рет және тоқсан сайын төленуі тиіс. 2019 жылдың 18 ақпанында Компания 28 000 000 мың теңге сомасына екінші транш облигацияларын кері сатып алды. 2019 жылдың сәуірінде Компания нарықтық бағамен 17 655 846 мың теңге сомасына бірінші транштың 16.872.498 дана облигацияны кері сатып алды. 2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша бірінші транш бойынша негізгі қарыздың қалдығы 3,127,502 мың теңгені құрайды.

2018 жылғы қарашада Компания жеті жыл мерзімге 1 облигация үшін 1000 теңге номиналдық құны бойынша 21,736,200 мың теңге жалпы сомасында облигацияларды шығарды және жариялады. Купондық пайыздық мөлшерлеме жылдық 11,2%-ды құрады және жылына екі рет төлеуге жатады.

«Жинақ банкі» АҚ ЕБ

2021 жылдың бірінші тоқсанында «Самұрық-Энерго» АҚ «Жинақ банкі» АҚ ЕБ кредиттік желісінен 2 ай мерзімге жалпы сомасы 27,000,000 мың теңге болатын жаңартылған кретит желісі бойынша 2 қысқа мерзімді транш алды. 2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша, Компания «Жинақ банкі» АҚ ЕБ алдындағы 23,500,000 мың теңге сомасындағы қарызды өтеді, негізгі қарыздың өтелмеген қалдығы 3,500,000 мың теңгені құрайды.

12 Қарыздар (жалғасы)

"Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1" ЖШС

2021 жылдың 28 қаңтарында Компания «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дан реверсивті кредиттік желі шеңберінде 10,000,000 мың теңге мөлшерінде қысқа мерзімді қарыз алды.

2021 жылдың наурыз айында Компания «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дан 24,000,000 мың теңге мөлшерінде, 12 айға дейін мен қысқа мерзімді қарыз алды. Компания инвестиция құрамында 2,378,378 мың теңге сомасында қарызды бастапқы танудан түскен кірісті таныды және дисконтталған ақша ағыны әдісі мен жылдық 10,47% тиімді мөлшерлемені пайдалану арқылы есептеліп алынған қарыздың номиналды құны мен тану күніне оның әділ құны арасындағы айырма ретінде көрсетілді.

13 Дивидендтер бойынша кірістер

	2021 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2020 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>		
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	-	29,000,000
«Алматы электр станциялары» АҚ	-	610,921
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	1,410,354	1,016,790
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	504,551	-
«Energy Solutions Center» ЖШС	4,004	-
Дивидендтер бойынша барлық кірістер	1,918,909	30,627,711

14 Жалпы және әкімшілік шығыстар

	2021 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2020 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>		
Еңбекақы және онымен байланысты шығыстар	776,975	721,835
Консультациялық және өзге қызметтер	43,315	142,261
Мамандандырылған кеңсе қызметі	155,525	145,003
Салықтар	83,131	7,539
Ақпараттық жүйелерге көрсетілетін қызмет	30,448	33,174
НҚ тозуы және МЕА амортизациясы	129,107	90,376
Иссапар шығыстары	19,284	35,426
Қызметкерді оқыту және онымен байланысты шығыстар	13,747	10,896
Сақтандыру	13,194	9,389
Өзге	58,280	107,627
Барлық жалпы және әкімшілік шығыстар	1,323,006	1,303,526

15 Қаржылық табыстар

	2021 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2020 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>		
Қаржылық активтер бойынша дисконттың амортизациясы	1,189,257	369,108
Облигациялар мен берілген қарыздар бойынша пайыздық табыстар	1,212,241	1,485,815
Берілген кепілдіктер бойынша табыс	19,196	21,996
Банк депозиттері бойынша пайыздық табыс	20,132	33,891
Өзге	45,948	42,645
Барлық қаржылық табыс	2,486,774	1,953,455

16 Қаржылық шығыстар

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2021 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2020 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
Қарыздар мен облигациялар бойынша сыйақыға жұмсалатын шығыстар	3,355,144	3,401,174
Қарыздар мен қаржылық көмек бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы	2,268,327	2,524,263
Қаржылық жалдау бойынша шығыстар	47,674	35,845
Өзге	175,901	18,587
Барлық қаржылық шығыстар	5,847,047	5,979,869

17 Табыс салығы

Табыс салығы - депозиттер бойынша төлем көзінен ұсталатын салық. Компания болашақта салық салынатын пайданы күтпейді.

18 Шарттық және келісімшарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

Төменде көрсетілген ақпараттан басқа, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жеке қаржылық есептілікте ашылғандардан басқа, 2021 жылдың 31 наурызында қандай да бір шартты және келісімшарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер болған жоқ.

Сот талқылаулары

2020 жылы «Транстелеком» АҚ «Самұрық-Энерго» АҚ мақсатты (базалық) процестерін енгізу бойынша консультациялық қызметтер» сатып алу шарты бойынша нақты көрсетілген қызметтерді және шеккен шығыстарды өндіріп алу туралы талап арыз берді. 2021 жылғы 3 ақпанда сот «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Транстелеком» АҚ арасында жасалған медиативтік келісімді бекітті. Соған сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ 2021 жылғы 8 ақпанда нақты орындалған жұмыс көлемі үшін 700,000 мың теңге мөлшеріндегі соманы төледі. «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Транстелеком» АҚ арасындағы келісім орындалды.

Қарыздар бойынша ковенанттар

Компанияның қарыздар және облигациялар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Осы ковенанттарды орындамау Компания үшін жағымсыз салдарларға, оның ішінде қарыздар бойынша шығындардың өсуіне және дефолтты жариялауға әкелуі мүмкін. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Компания қарыздар бойынша ковенанттардың нормативтік мәндерін орындады.

Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдіктер

2021 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша, Компания «Шардара СЭС» АҚ еншілес компаниялары алған қарыздар бойынша кепілдіктерге ие. Бастапқы тану кезіндегі кепілдіктердің әділ құны Қоғам қамтамасыз еткен кредитті алған қарыз алушының пайыздық мөлшерлемесі мен Компания кепілдік бермеген жағдайда қолданылатын пайыздық мөлшерлеменің арасындағы айырмашылықты көрсететін пайыздық мөлшерлемелердің кепілдіктермен жабылған сомаларға қолдану нәтижесінде алынған сома ретінде анықталды. Кепілдік құны еншілес компанияға салынған инвестиция ретінде бағаланады.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	Ұзақ мерзімді қаржылық кепілдік		Кепілді міндеттемелер сомасы		Кепілдік кезеңі		Кепілдік бойынша бағалау мөлшерлемесі
	31 наурыз 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.	31 наурыз 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.	Кепілдік шығарылған жыл	Кепілдіктің күшінде болу кезеңі	
«Шардара» СЭС	1,230,444	1,272,264	20,527,386	21,235,227	2015 г.	13 лет	3%
Барлығы	1,230,444	1,272,264	20,527,386	21,235,227			

19 Қаржы құралдарының әділ құны

Әділ құнды бағалау

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құнның иерархия деңгейлері бойынша былайша талданып, бөлінеді: (i) 1-деңгейге сәйкес активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеу бойынша бағалар (түзетілмейтін) жатады, (ii) 2-деңгейге – актив немесе міндеттемелер үшін тікелей (яғни, мысалы, баға) немесе жанама (яғни, мысалы, бағаның туындысы) бақыланатын болып табылатын барлық пайдаланылатын маңызды бастапқы деректері бар бағалау модельдерінің көмегімен алынғандар және (iii) 3-деңгейдің бағалары бақыланатын нарықтық деректерге негізделмеген (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген) бағалар болып табылады. Қаржылық құралдарды әділ құн иерархиясындағы белгілі бір санатқа жатқызған кезде басшылық пайымдауды қолданады. Егер әділ құнды бағалауда айтарлықтай түзетуді талап ететін бақыланатын деректер пайдаланылса, онда ол 3-деңгейге жатады. Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнның барлық жиынтық бағасы үшін бағаланады.

Әділ құн иерархиясының 2-ші және 3-ші деңгейлеріндегі әділ құнды өлшеу ақша ағындарының дисконтталған моделін қолдану арқылы жүзеге асырылды. Белсенді нарықта бағалары белгіленбейтін құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы құралдарының әділ құны тең баланстық құнмен қабылданды. Белсенді нарықта баға белгіленуі жоқ белгіленген пайыздық мөлшерлеме құралдарының әділ құны несие тәуекелділігі мен мерзімі ұқсас жаңа құралдар үшін қарыз нарығында қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелерді қолдана отырып, ақша ағындарының дисконтталған моделіне негізделеді.

Қазақстан теңгесімен, мың	31 наурыз 2021 ж.				31 желтоқсан 2020 ж.			
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Теңгерімді құн	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	Теңгерімді құн
Активтер								
Ақшалай қаражат пен олардың эквиваленттері	-	868,385	-	868,385	-	1,595,249	-	1,595,249
Мерзімі тіркелген депозиттер	-	5,804	-	5,804	-	5,304	-	5,304
Қаржылық дебиторлық берешек	-	10,288,778	-	10,656,406	-	9,029,447	-	9,039,117
Алынатын дивидендтер	-	1,919,361	-	1,919,361	-	449	-	449
Еншілес ұйымдардың берілп кепілдік бойынша берешектері	-	331,453	-	330,561	-	1,659,976	-	1,547,542
Берілген қарыздар	-	47,254,055	-	48,791,436	-	57,869,854	-	58,166,102
Қызметкерлердің берешегі	-	64,484	-	64,484	-	71,814	-	71,814
Барлық қаржылық активтер	-	60,732,320	-	62,636,437	-	70,232,093	-	70,425,577
Міндеттемелер								
Қарыздар	-	174,687,615	-	188,572,185	-	196,732,177	-	196,414,568
Жалдау бойынша міндеттемелер	-	1,500,264	-	1,455,263	-	1,651,604	-	1,474,019
Берілген қаржы кепілдіктері	-	1,084,061	-	1,230,444	-	1,120,906	-	1,272,264
Қаржылық кредиторлық берешек	-	462,341	-	462,341	-	1,196,077	-	1,196,077
Барлық қаржылық міндеттемелер	-	177,734,281	-	191,720,233	-	200,700,764	-	200,356,928

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық активтер

Пайыздық мөлшерлемесі тіркелген құралдардың бағаланатын әділ құны осы секілді кредиттік тәуекел мен осы секілді өтеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы күтілетін болашақ ақша ағындарының сомаларын дисконттау моделі арқылы анықталады. Қолданылатын дисконттау мөлшерлемелері контрагент тарапынан болатын кредиттік тәуекелге байланысты.

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер

Тіркелген пайыздық мөлшерлемесі және белгіленген өтеу мерзімі бар, олар бойынша нарықтық баға белгіленімдері жоқ құралдардың әділ бағалау құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған және өтеу мерзімі бар бағалау ақша ағындарын негізге ала отырып айқындалады.

20 Есептік күннен кейінгі оқиғалар

2021 жылғы 23 сәуірде «Самұрық-Энерго» АҚ Еуропа Қайта құру және Даму банкімен 2016 жылғы 9 желтоқсандағы №48308 Кредиттік келісім шеңберінде 353,787 мың теңге сома мөлшеріндегі сыйақыны жоспарлы түрде өтеді.

2021 жылғы 26 сәуірде «Самұрық-Энерго» АҚ Азия Даму Банкімен 2018 жылғы 8 қарашадағы Кредиттік желі шарты бойынша сыйақыны жоспарлы өтеуді мынадай тәртіппен жүзеге асырды: А траншы бойынша – 506,503 мың теңге, В траншы бойынша – 482,062 мың теңге, С траншы бойынша - 520,956 мың теңге.

2021 жылғы сәуірде компания реверсивті кредиттік желі шеңберінде «Алматы электр станциялары» АҚ-дан 2,400,000 мың теңге сомасында қысқа мерзімді қарыз алды.

2021 жылғы 30 сәуірде Компания «Сбербанк» ЕБ АҚ алдындағы 1,500,000 мың теңге сомасындағы негізгі қарыздың бір бөлігін өтеді.

21 Акциядан түскен пайда және бір акцияның баланстық құны

Акциялардың базалық пайдасы/(шығыны) Компания акционерінің үлесіндегі ағымдағы жыл ішінде айналымда болған жай акциялардың орташа шамадағы санына сәйкес пайдасы немесе шығыны ретінде есептеледі. Компанияның табысы көбейтілетін әлеуетті жай акциялары жоқ, сондықтан да акцияларға шаққандағы көбейтілетін пайда акциялардың базалық пайдасымен бірдей.

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	2021 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай	2020 ж. 31 наурызда аяқталған 3 ай
Жыл ішіндегі Компания акционерлеріне тиесілі пайда (Қазақстан теңгесімен мың)	(2,960,800)	25,268,718
Айналыстағы жай акциялардың орташа өлшенген саны	5,601,781	5,601,687
Бір акцияға шаққандағы Компания акционерлеріне тиесілі пайда (теңгеге дөңгелектегенде)	(529)	4,511

Бір акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің (бұдан әрі - «ҚҚБ») 2010 жылдың 4 қазанындағы шешіміне сәйкес, қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы мәліметтер болуы керек. Компания басшылығы 2021 жылдың 31 наурызындағы жағдай бойынша осы қаржылық есептілік негізінде есептегенде аталған көрсеткіш 74.392 теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 74.914 теңге).

Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілген:

<i>Қазақстан теңгесімен, мың</i>	31 наурыз 2021 ж.	31 желтоқсан 2020 ж.
Барлық активтер	609,916,744	621,293,694
Минус: материалдық емес активтер	(604,110)	(636,073)
Минус: барлық міндеттемелер	(192,585,061)	(201,001,211)
Жай акцияларға арналған таза активтер	416,727,573	419,656,410
Есепті күндегі жай акциялардың саны	5,601,812	5,601,812
Бір акцияның баланстық құны, теңге	74,392	74,914